

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ҰЛАН АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ
БӨЛІМІНІҢ
«БОЗАНБАЙ ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

Бозанбай ауылы

БҰЙРЫҚ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«БОЗАНБАЙСКАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА»
ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ПО УЛАНСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

село Бозанбай

ПРИКАЗ

14.04.2023 жыл.

№ 2 /116

**«2022-2023 оқу жылының
аяқталуы және орта білім беру
ұйымдарында білім алушыларды
қорытынды аттестаттаудан
өткізу мерзімдерін бекіту туралы**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5- бабының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 «2022-2023 оқу жылының аяқталу және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында, ШҚО білім басқармасының 2023 жылғы 13 сәуірдегі №208 бұйрығы, Ұлан ауданы бойынша білім бөлімінің 13 сәуір 2023 жылғы №107 бұйрығы негізінде БҰЙЫРАМЫН:

1. Директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары :

1.1. Меншік нысанына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан 2023 жылғы 31 мамырда аяқталсын;

1.2. 9-10 сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2023 жылғы 2-13 маусым аралығында өткізілсін.

1.3. 11 сыныптарда білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары- 2023 жылғы 5-19 маусым аралығында өткізілсін.

1.4. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынандай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) сынып оқушылары үшін:

1) қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек, тәжік тілі бойынша жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін-жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) - 2023 жылғы 2 маусым;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)- 2023 жылғы 6 маусым;

3) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) - 2023 жылғы 9 маусым.

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – **2023 жылғы 13 маусым.**

11 (12) сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан - **2023 жылғы 5 маусым;**

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан - **2023 жылғы 8 маусым;**

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан - **2023 жылғы 12 маусым;**

4) орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан - **2023 жылғы 15 маусым;**

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) - **2023 жылғы 19 маусым;**

1.5. 2022-2023 оқу жылын аяқтауда орта білім беру ұйымдары осы бұйрықтың, «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының талаптарына сәйкес оқу жылының аяқталуын қамтамасыз етсін (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген).

1.6. 9-сынып түлектеріне қорытынды аттестаттауды, 11-сынып түлектеріне мемлекеттік емтихандарды өткізу кезінде мектеп әкімшілігінің сапалы жұмысын ұйымдастырсын;

1.7. «Алтын белгіге» үміткерлердің жазбаша емтихан жұмыстарын (қазақ/орыс тілі (оқыту тілі), алгебра және талдау негіздері бойынша) қатаң белгіленген мерзімде білім басқармасы жанындағы Комиссияның қарауына жолдасын;

1.8. Мектептерді «Алтын белгіге» үміткерлер тізімі негізінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 532 «Алтын белгі» белгісі туралы Ережені бекіту туралы» бұйрығына сәйкес «Алтын белгі» төсбелгісімен уақытында қамтамасыз етілсін;

1.9. Белгіленген мерзімде төмендегі құжаттарды ұсынсын:

- 2023 жылғы 16 мамырға дейін «Алтын белгі» белгісіне үміткер оқушылардың (электронды үлгіде) тізімін (ТАӘ жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес толтырылуы тиіс, ЖСН, оқыту тілі);
- 2023 жылғы 22 мамырға дейін денсаулық жағдайына байланысты қорытынды аттестаттаудан босатылатын 9,11 сынып оқушыларының құжаттары;
- 2023 жылғы 20 маусымға дейін «Алтын белгі» белгісін растаған оқушылардың бекітілген тізімін ;

2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларына:

1. 2023 жылғы 16 мамырға дейін «Алтын белгіге» үміткерлердің жазбаша жұмыстарын (қазақ\орыс тілі (оқыту тілі) алгебра және талдау негіздері бойынша) тексеру үшін білім басқармасына дайындалсын;
2. 2023 жылғы 12 мамырға дейін аудандық білім бөліміне түлектерді қорытынды аттестаттаудан босату туралы қолдау хат жіберілсін;
3. Кестеге сәйкес орта білім беру ұйымдарының 11 сынып білім алушылары үшін емтихан тапсырмаларын мектепке жеткізуді қамтамасыз етсін;
4. Мектепті мемлекеттік үлгідегі құжаттармен: аттестаттармен, үздік аттестаттармен, жалпы орта білім туралы «Алтын белгі», «Алтын белгі» төсбелгісімен қамтамасыз етілуін ерекше бақылауға алынсын.

3. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары (Боксенова М.К., Курманғалиева К.К.)

- 1) орта білім беру ұйымдарының 9, 11 сынып білім алушылары үшін емтихан тапсырмаларын қорытынды аттестаттау емтихандарының өту кестесіне сәйкес жеткізуді қамтамасыз етсін.
- 2) Білім алушылардың қорытынды аттестаттау нәтижелері туралы деректерді аудандық білім бөліміне ұсынсын.
- 3) Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



А.К.Бухатова